

Бақытжан жайында ойласам, жазсам, күнге жүз көріскен, қыз алып, қыз беріскен құдалар, туған-туыстар, ауылдастар көз алдыма келіп, балалық шаққа бір барып қайтқандай күй кешем. Өнер адамдары еске түсіп, олар айтқан әндер мен шерткен күйлер жүрек тербейді, тәтті қиялға, сағынышқа бөлейді.

Әңгімені әріден бастасақ, біздің ауыл Шилі, Бақытжанның туған-туыстары, әулеті әнші ақын, домбырашы, күйші, қобызшы, шетінен шешен еді. Әбіқай Нұртазин, оның ізін жалғаған ұлы Ахмет-

күрған "Домбыра сазы" атты халық ансамблі облысқа танымал. Ұлы Жанболат та өнер жолында. Сегіз қырлы бір сырлы азамат болып өсті. Ол әкесінің "Туған жер, Торғайым", "Қаракөз қыздар-балдыздар", "Домбыра",



# ӨНЕРГЕ

хан ақын, күйші-домбырашы болса, Ахаңның ұлы Кәдір мен Балашал дәулескер күйшілер болатын. Әділхан Әлмағанбет, Жармағанбет, Күләнда апай, Серік, Төлеухан ағай...

Дәуреннің әкесі Сәуекен қылқобызда ойнап, бақсылық жасаған кісі. Ал, өз әкесі Дәурен өнер жолын қумағанымен, домбыра тартып, ән салатын. Жолдас-жораларына, туған туыстарына арнап өлең шығаратын. Қазіргі "Айналайын Торғайым", "Кінөләма", "Бала кезім – қаракөзім" атты тамаша әндердің авторы Алтынбек Сейтқасымов та Бақытжан Сәуекеновтің жақын інісі, шәкірті. Осындай ортада туып, домбыра үнімен ауызданып, әнмен сусындап өскен Бақытжанның өнерпаз болмауына хақысы да жоқ сияқты. Оның үстіне әкесі Дәурен туысы Қайнекей Жармағанбетов арқылы Бақытжан Байқадамовпен танысып, ағалы-інілідей көңілдері жақын болды.

Дәурен ауылдан қуанышты хабар алып, оны Бақытжан мен Қайнекейге жеткізеді. Олар "Ұлды болыпсың" деп "бауы берік болсын" айтады. Бақытжан ағамыз:

"Қызым менің қызғалдағым", "Туған ел" әндерін тамылжыта шырқайды.

Бақытжан әндерін республикамызға танымал әншілер Қазақстанға еңбегі сіңген әртіс Ғазиза Жүмекенова ("Арқалығым менің", "Көкшетау кестелері"), Сүлеймен Ибрагимов ("Туған жер Торғайым"), Досымжан Танатаров ("Даланың ару қызы") т.б орындап жүр.

Өнерпаз отбасынан шыққан құдай қосқан қосағы Куаныш та Бақытжанға қосылып ән шырқайды.

Балдырғандардың балдай тәтті сөздері мен қызықты қылықтарынан да көп нәрсе үйреніп, үлгі-өнеге алуға болады. Әсіресе мөлдір таза пәктікті, алғаусыз адамдықты. Бақытжанның Айзада атты қызы 5-6 жасында сахнаға шығып ән айтқанда қазылар алқасы оған грамота беріпті. Сонда ол: "Қағаз бергені несі, оданда кәмпит бермей ме?!" – депті. Сол Айзада да қазір ауылға

өзінің бар болмысы мен әуеніне елтіп, өзі де күйге айналып кеткендей болатын.

"Болат ағаның маған жасаған жақсылығы ұшан-теңіз, – деп еске алады Бақытжан ұстазы жайында жазған "Орыны бөлек аға" деген естелік-эссесінде. – Менің құрметті атақ алуыма бірден-бір себеп болған да сол кісі". (Бақытжан да кейін ҚР еңбек сіңірген мәдениет қызметкері атанды. Әңгіме сол жөнінде болып отыр – С.О.). Ұстаз ағасы жайында ағынан жарыла, ағыл-тегіл ақтарыла сыр шерткен естелік-эсседен шәкіртінің ұстазына деген сүйіспеншілігін сезінесің. Қарапайым, алайда шынайы жазылған шығармада Болат Хамзиннің мінезі де қылаң береді. Еліне деген қалтықсыз қызметі, шығармашылығы, домбырашылығы айтылады.

дегенде жүрт "Аманжолдай" – деседі ел-нағашында. Қазағымды, тамсантқан тамам елді, Тәуелсіздік еліме заман келді. Мақпалдай анасы бар мейірбанды, Өр тұлғалы әкесі – Аманкелді, – деп басталатын төрт-бес шумақ өлең арнап, жас талантқа алғысын айтып, батасын берді. Көп ұзатпай "Тарт күйінді, Мұрагер" деген мақала жазып "Қостанай таңы" газетіне бастырды.

Мұрагер мектепте үздік оқыпты. Оның өнерге баулыған ұстаздары "Көкіл" республикалық мектебінің жетекшісі, белгілі күйші-домбырашы Абдулхамит Райымбергенов пен дәулескер домбырашы Айгүл Үсенбаева екен. Домбыраны солақай тартатын Мұрагер біртуар композитор, вертуоз күйші-домбырашы, дирижер Нұрғиса Тілендиев орындаған күйлерді көбірек тындап, репертуарына кіргізуді мақсат тұтыпты (Н.Тілендиев те солақай – С.О.). Анасы – Мақпал Мендіқара ауданының Қаратал ауданынан екен. Яғни, Мұрагер нағашы жұртына келген.

Бақытжан домбырашы жігітті осылайша таныстыра келіп, оның Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев алдында да күй тартқанын айтады. Соңында тағы да талантты домбырашыға екі шумақ өлең арнап, танымдық, тағылымдық мақаласын "Бабамыздың мұрасын бойына дарытқан, күй деген киелі өнерді туымыздай жоғары көтеріп келе жатқан бауырымыз Мұрагер Сауранбаевқа тілегіміз шексіз.

"Торғай өңірі дарынды жандардан кенде емес. Сырбай Мәуленов пен Ғафу Қайырбеков жырлап өткен қасиетті Торғай топырағында туған өнер саңлақтары Алматы, Астананың төрінде өнер сахналарында ән-жырларымен елдің сүйіспеншілігіне бөленіп жүр".

Б.Сәуекеновтің "Қостанай таңы" газетінде жарық көрген (30 қазан 2020) "Әнмен елін тамсандырған" деген мақаласы осылай басталады.

Мақала кейіпкері – Мендіқарадағы Ғаббас Жұмабаев атындағы мектептің мұғалімі әнші Марат Кеңшілікүлы Омаров Мәуленовтің өнерінің жетілуіне

– Атын кім деп қойдыңдар? – дейді.

– Әлі аты қойылған жоқ, – дейді Дәукең.

– Онда, мен де жаман адам емеспін ғой, есімім де "Бақыттан" басталады. Бақытжан қойсаңдар қайтеді? – дейді. Мұны Қайнекей де қостап:

– Әулетіміз әнші-күйші, Бақытжан талантты композитор, әкесі Қаралды да, шешесі Үрзипа да ән салып, сахнада ролдерде ойнаған өнерпаздар, жолдарын берсін Бақытжан деп атайық, – деп нығарлайды.

Бұл 1951 жыл еді.

Қайнекей де Бақытжан да тегін адам емес, айтқандары келіп композитор Бақытжан Байқадамовтың атын алған Бақытжан Сәуекенов саз әлеміне қол созды. Алғаш домбырада ойнады, сосын қылқобыз тартты, мандолин, жетіген, баянды бағындырды. Ән шығара бастады...

Торғай ән-күйдің, арқалы ақындардың мекені. Торғайда домбыра тартып, ән салмайтын адам ол кезде сирек кездесетін. Алматының Құрманғазы атындағы консерваториясын бітірген Болат Хамзин келгеннен өнер одан сайын өрге баса түсті.

Кім-кім де анасын шексіз сүйіп, қуантқысы келіп тұрады ғой. Бақытжан да жетінші сыныпта оқып жүргенінде анасы Жадыраға арнап "Анама" деген ән шығарды. Өлеңін өзінің аталас туысы Бейбіт Әбдіков жазды.

Бақытжан қазір Мендіқара аудандық мәдениет үйінің көркемдік жетекшісі. Өзі

танымал әнші.

Қима, Таран аудандық мәдениет бөлімдері қызметінің алға басыуына күш-жігерін жұмсап, талай шәкірттер тәрбиеледі. Домбырашы, білікті де жігерлі ұйымдастырушы Абай Әмірханов, облысымыздың өнері мен мәдениетіне елеулі үлес қосып келе жатқан әншілер Бағлан мен Түлкібек Рысмағанбетовтер, қазір Нұр-Сұлтан қаласында тұратын Ләззат Хамзина т.б. кезінде Бақытжан баулыған жастар еді.

"Ұстазсыз шәкірт болған емес. Торғай топырағынан 1960 жылдары түлеп ұшқан өнерпаздардың қай-қайсысы да Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, талантты композитор, марқұм Болат Хамзиннің алдынан дәріс алмағаны кемде-кем шығар", – деп өзі жазғандай, мектепте оқып жүрген кезінде Болат ағасымен дидарласу Бақытжанға арман еді. Оның 1960-70 жылдары шығарған "Орамал", "Ұялмашы, қалқатай", "Аманкелді ұрпағы", "Торғай қызы", "Жас Отау" және "Сезім сыры" деген әндері көпшілік арасында кеңінен танылған болатын. Сол ағаның талантына тәнті болғандықтан ба, Бақытжанда "мен де сондай болсам ғой" деген үміт оты үнемі толғандырып, алға жетелейтін.

Ағасымен танысты. Қызметтес болды. Ол кісінің кішіпейілділігін, кешірімді, кендігін, тәлім-тәрбиесін көріп өсті. Дирижерлық формасын киіп шыққанда Бөкең өзгеше түрге бөленіп шығар еді. Елу-алпыс адамнан құралған оркестр алдында

"Ғасырлар пернесі" ансамблінің аяғынан тік тұрып кетуіне жасаған ұшан-теңіз еңбегі де көрініс табады. Ұстазы жайында еңгіме қозғағанымен, өзінің де атқарған қызметі, басқа да өнер жолындағы жігіттердің іс-әрекеті, достық көңілдері бар.

1988 жылдың тамыз айында Науырзымда облыстық композиторлар байқауы өтеді. Оған Жанкелдин ауданынан Болат пен Бақытжан барады. Бара сала аудандық мәдениет үйімен хабарласып, Қалибек Деріпсалдинді тауып алады. Бәрі қонақ үйге жайғасып, кешке дайындық өткізеді. Ертеңіне байқау басталып, Қалибек пен Бақытжан екі дауыста Болаттың "Аманкелді ұрпағы", "Торғай қызы" әндерін орындайды. Осы әндері үшін Болат Хамзин бас жүлдеге ие болады.

Бақытжан қашанда таланттарға қамқор, олардың жетістіктеріне қол соғып, қолынан келгенше көмектеседі, елге насихаттайды. Соның айғағы – 2009 жылы Мендіқара ауданына талантты күйші Голливудта өткен дүниежүзілік орындаушылар байқауының алтын медаль иегері, Тараз қаласында өткен Нұрғиса Тілендиев атындағы күйшілер байқауының бас жүлдегері Мұрагер Амангелдіұлы Сауранбаев келіп, Оразалы Қозыбаев атындағы мектепте кездесу өткізді. Оның орындаушылық шеберлігіне тәнті болған Бақытжан қарап қала алмады.

Қол соғайық қазақтың бұл баласына, Тума талант сен халық арасында.

"Қайдан келді күйшілік? –

ров. Марат Жанкелдин ауданының Жариек ауылында өнерлі отбасында дүниеге келіпті. Жасынан баянда ойнап, ән айтып, үйренген ол бұл күнде әнімен ел алғысына бөленіп жүрген жан екен. Ақыл айту – оңай, үлгі көрсету – қиын. Мақалада Марат мектеп шәкірттеріне ғана емес, қазір бүкіл ауыл жастарына өнерімен үлгі көрсетіп жүргені айтылады.

Қазір қазақтың халық әндерін орындаушылар мен домбыра шертетін күйшілері азайып, даңғаз аяқай-шулы эстрада алға шығып тұрғаны жасырын емес.

Автор өнші М.Омаров жайында жылы лебіз білдіре отырып ұлттық өнерімізді оны халыққа жеткізуші өнер адамдарын насихаттайды.

– "Біздің ұрпақ – тағдырына риза ұрпақ, – дейді Бақытжан. – Қолымнан келгенше елге жақсылық жасағым келіп тұрады. Тілеулестерім көп деп ойлаймын. Достарымды ерекше атағым келеді. Қалибек Деріпсалдин, Қонысбай Әбіловтер мен жас кезімнен аралас-құраласпын".

Шындығында да солай. Қалибек те, Қонысбай да, Бақытжан да әсем, сұлу әндердің авторлары. Қашанда үшеуі бір-біріне қамқор болып, бір-бірін сүйсіне, демеп, мақтап жүреді. Қалибек шығармашылық кешінде Бақытжан әндерін орындайды, екеуі бірігіп ән салады. Қонысбай жырына қосады. Бұл – кейінгі жастарға үлгі-өнеге.

**Серікбай ОСПАҢҰЛЫ,**  
**Ақын, ҚР Жазушылар Одағының мүшесі.**